

Жоспар

1. Терінің саңырауқұлақты аурулары
2. Трихофития

Трихофития тек адамдарда болатын антропофильдік саңырауқұлақтардың немесе аламда да, малда да паразиттік өмір сүретін – зоофильдік саңырауқұлақтардың әсерінен дамиды жұлпалы ауру.

Қоздырғышы **антропофильдік трихофитондар** болса, онда саңырауқұлақтар негізінен шаштың ішінде орналасады, теріде қабыну процесі дамымайды. Ошақтары үстірт орналасып, жеделдеу немесе созылмалы дамиды түрін **үстірт трихофития** деп атайды. **Зоофильдік трихофитиндер** негізінен шаштың айналасында және шаштың ішкі қынабының эпителиінде орналасады, олардың әсерінен терең трихофития деп аталатын шаш қапшығының айналасында қабынулық сіңбе пайда болып, кейіннен шаш қапшығы мен жан-жағындағы дәнекер ткань іріп-езіліп кетеді. Бұл процесс **сіңбелі-іріңді трихофития** деп аталады.























